



Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін
практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережелері

Нұсқа 8

ҚарУ Қазпотребсоюза-ПРВ-112-2024

1 стр из 46

БЕКІТЕМІН
Қазтұтынуодағы Қарағанды
университетінің ректоры,
Ғ.Б. Аманжолбаев




2024 ж.

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар
үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу
Ережелері**

ҚарУ Қазпотребсоюза-ПРВ-112-2024

Қарағанды - 2024

	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережелері	Нұсқа 8
	ҚарУ Қазпотребсоюза-ПРВ-112-2024	2 стр из 46

Мазмұны

1.	Мақсаты және қолдану саласы. Нормативтік сілтемелер	3
2.	Жауапкершілік және өкілеттіктер	3
3.	Жалпы ережелер	3
4.	Оқу практикасы	8
5.	Педагогикалық практика	9
6.	Өндірістік практика	12
7.	Зерттеу практикасы	14
8.	Диплом алдындағы практика	15
9.	Ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау қағидалар	16
10.	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі	17
	Шығару және тарату	
11.	Шығару және тарату	17
12.	Сақтау	17
13.	Қосымшалар	19
	<i>1-қосымша</i> – Студенттердің кәсіптік практикасын өткізуге жа- салған Шарт	19
	<i>2-қосымша</i> – Магистранттардың өндірістік практикасын өткізуге жасалған Шарт	22
	<i>3-қосымша</i> – Зерттеу практикасын өткізуге жасалған Шарт	25
	<i>4-қосымша</i> – Ақылы негізде студенттердің кәсіби практикасын өткізуге жасалған Шарт	29
	<i>5-қосымша</i> – Практикаға жолдама	32
	<i>6-қосымша</i> – Практикадан өтуге ұсыну	33
	<i>7-қосымша</i> – 20__ - 20__ оқу жылына білім алушылардың практикадан өту кестесі	33
	<i>8-қосымша</i> – Практика кестесінің жұмыс жоспары	34
	<i>9-қосымша</i> – Практикадан өту есеп-күнделігі	35
	<i>10-қосымша</i> – Практика базасына келуді мониторингтеу нысаны	37
	<i>11-қосымша</i> – Жұмыс берушілерге арналған сауалнама	37
	<i>12-қосымша</i> – Практика бойынша жазбаша есептің титул парағы	43
	<i>13-қосымша</i> – Білім алушылардың практикадан өтуі туралы есептерді тіркеудің электрондық журналы	44
	<i>14-қосымша</i> – Бітіретін курс студенттерін өндірістік практикадан өтуге ұсыну	44
	<i>15-қосымша</i> <i>Тәжірибенің әлеуетті базасын бағалау парағы</i>	45
14.	Танысу парағы	46



1. Мақсаты және қолдану саласы. Нормативтік сілтемелер

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу ережелері (бұдан әрі - ережелер) Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің (бұдан әрі - Қазтұтынуодағы ҚарУ) студенттері, магистранттары мен докторанттары үшін оқу, педагогикалық, өндірістік, диплом алдындағы және зерттеу практикасын ұйымдастыруды регламенттейді.

Осы Ережелер академиялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі проректорға, ғылыми-зерттеу және интеграциялық қызмет жөніндегі проректорға, ЖООКБ АДД директорына, БЖД директорына, СДД директорына, факультет декандарына, СҚ және АО директорына, Мансап және кәсіби даму орталықтың қызметкерлерінің, кафедралардағы практикаға жауапты бітіртуші кафедралардың меңгерушілеріне, студенттерге, магистранттар мен докторанттарға арналған.

Нормативтік сілтемелер:

1. 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, ҚР БҒМ 30.10.2018 жылғы № 595 бұйрығымен бекітілген.

3. Жоғары білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы № 604 бұйрығымен бекітілген.

4. 20.07.2022 жылғы ҒЖЖБМ бұйрығымен бекітілген Жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік стандарты.

5. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері, ҚР БҒМ 20.04.2011 жылғы № 152 бұйрығымен бекітілген.

6. "Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 17.06.2015 жылғы № 391 бұйрығы.

7. Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Академиялық саясаты.


2. Жауапкершілік және өкілеттіктер

Осы Ережелердің орындалуына: мамандар шығарушы кафедралардың меңгерушілері, МКДО директоры, ЖООКБ АДД директоры, БЖД директоры, СДД директоры, ҒЖЖМДО жауап береді.

Мансап және кәсіби даму орталығы осы Ережелер талаптарының орындалуын бақылауға өкілетті.

3. Жалпы ережелер

3.1. Ережелер барлық оқу мерзімі ішінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың практикасының барлық түрлерін ұйымдастыруды және өткізуді регламенттейді.

	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережелері	Нұсқа 8
	ҚарУ Қазпотребсоюза-ПРВ-112-2024	4 стр из 46

3.2. Студенттердің кәсіптік практикасы білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады және теориялық оқыту нәтижелерін бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге бағытталған.

3.3. Білім беру бағдарламаларына сәйкес университет студенті оқу процесінде кәсіптік практиканың әр түрлі түрлерінен өтеді: оқу, педагогикалық, өндірістік және диплом алдындағы.

3.4. Магистранттарды практикалық даярлау практикалардың, ғылыми және кәсіби тағылымдамалардың әртүрлі түрлерін қамтиды және теориялық оқыту нәтижелерін бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге бағытталған магистрлік бағдарламаның міндетті компоненті болып табылады.

3.5. Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы практиканың екі түрін қамтиды: педагогикалық және зерттеу.

3.6. Бейінді магистратураның білім беру бағдарламасы өндірістік практиканы қамтиды.

3.7 PhD докторантурантурадағы практика: ғылыми, ғылыми-педагогикалық және кәсіптік қызметтің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

3.8. Докторантураның білім беру бағдарламасы мынадай практиканы қамтиды:

1) педагогикалық және зерттеу практикасын – философия докторы бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін;

2) өндірістік практиканы – бейінді докторантура бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін.

3.9. Практиканың әр түрінің өз мақсаттары, міндеттері мен бағдарламалары бар, олардың негізінде практиканың тиісті базасы анықталады.


3.10. Практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны: ҚР МЖМБС, білім беру бағдарламасының мазмұны, жұмыс оқу жоспарлары және практика бағдарламалары арқылы анықталады.

3.11. Практиканың ұзақтығы білім алушының (студенттің/магистранттың/докторанттың) практикадағы 30 сағатқа тең аптадағы (5 күндік жұмыс аптасы кезінде күніне 6 сағат) нормативтік жұмыс уақытына сүйене отырып аптамен айқындалады. Апталар санын есептеу үшін кредитпен практиканың көлемі оқу сағаттарындағы практиканың тиісті түрінің еңбек сыйымдылығына көбейтіледі және студенттің апта ішіндегі практикадағы жұмыс ұзақтығына, яғни 30 сағатқа бөлінеді. Практиканың 1 кредитінің еңбек сыйымдылығы 30 сағатты (50 минуттан) құрайды. 1 кредитке практиканың ұзақтығы-1 апта.

3.12. Білім алушылардың практикасын өткізу үшін база ретінде қызметі тиісті бейіннің білім беру бағдарламасы шеңберінде меңгерілетін кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін, практикаға басшылықты жүзеге асыру үшін білікті кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар айқындалады.

3.13 Бөгде кәсіпорындарда студенттер практикасының барлық түрлерін ұйымдастыру Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті мен кәсіпорын (практика базасы) арасында жасалған шарт негізінде жүргізіледі (*1-қосымша*).

3.14. Бейіндік бағыттағы магистранттардың өндірістік практикасын және PhD докторанттарының зерттеу практикасын бөгде кәсіпорындарда ұйымдастыру Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті мен кәсіпорын (практика базасы) арасын-

	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережелері	Нұсқа 8
	ҚарУ Қазпотребсоюза-ПРВ-112-2024	5 стр из 46

да жасалған шарт негізінде жүргізіледі. Магистранттың/докторанттың өндірістік практикасын өткізуге арналған шарттың нысаны *2-3-қосымшаларда* берілген.

3.15. Практика базаларымен шарт практика басталғанға дейін бір айдан кешіктірілмей жасалады және оқу мерзіміне жасалуы міндетті.

3.16. Студенттердің кәсіптік практикасына Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті мен кәсіпорын арасында шарт жасасу негізінде ақылы негізде өтуге жол беріледі (*4-қосымша*).

3.17. Практика базасының басшысы шарттың талаптарын түзетуге құқылы.

3.18. Бітіруші кафедралардың практикасына жауаптылар шарттардың қолданылу мерзімдерін бақылауды жүзеге асыруы және уақтылы ұзартуы тиіс.

3.19. Практика базасын, белгілі бір ұйымға немесе мекемеге практикаға жіберілетін білім алушылардың санын практикадан өту орны бойынша ұйымдарда орындардың болуына байланысты шарттарға сәйкес мамандар шығарушы кафедра айқындайды.

3.20. Студенттерді практиканың барлық түрлеріне жіберу Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті ректорының бұйрығымен ресімделеді, бітіруші кафедрадан практикадан өтуге ұсыныс бойынша, онда өту мерзімі, практика базасы, кафедрадан практика жетекшісі көрсетіледі. (*6-қосымша*).

3.21. Жоғарыда баяндалған бұйрық негізінде білім алушыға *5-қосымшаға* сәйкес нысан бойынша практикаға жолдама беріледі.

3.22. Практика базаларымен жасалған шарттар Мансап және кәсіби даму орталықта тіркелуге жатады. Шығарушы кафедра тұлға тіркеу үшін МКДО жаңа және ұзартылған шарттарды ұсынады, Білім алушылардың практикасын өткізуге жасалған шарттың түпнұсқасы біретін кафедрада сақталады.

3.23. Мансап және кәсіби даму орталықтың қызметкері білім алушыларды практикаға жіберу туралы бұйрықтарға сәйкес "Платонус" электрондық жүйесін толтырады.

3.24. Практиканың әрбір түрінен өтер алдында шығарушы кафедра білім алушылармен кездесуді ұйымдастырады және өткізеді, онда практиканы ұйымдастыру және өту мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

3.25. Шығарушы кафедра практика жетекшісімен бірлесе отырып:

- практика бағдарламасына сәйкес практиканың жұмыс жоспар-кестесін әзірлеуге (*8-қосымша*), оны практика базасы жетекшісімен келісуге;

- практикаға жіберу кезінде білім алушыға *8-қосымшаға* сәйкес нысан бойынша практика бағдарламасы мен жұмыс жоспар-кестесін беруге міндетті.

3.26. Практиканы өткізу үшін ЖООКБ академиялық даму департаменті оқу жылына практикадан өту кестесін жасайды (*7-қосымша*) <https://www.keu.kz/ru/section-table/31-materialy/8466-grafiki-praktiki.html>.

Бітіруші кафедра практиканың жұмыс жоспар-кестесін әзірлейді (*8-қосымша*).

3.27. Білім алушыларға практикаға құжаттар пакетін беруді бітіруші кафедра жүзеге асырады

3.28. Оқытуды еңбек қызметімен қоса атқаратын студенттер, егер олар жүзеге асыратын кәсіптік қызмет білім беру бағдарламасының бейініне және практика мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда, еңбек қызметі орны



бойынша практикадан өтуге құқылы. Бұл жағдайда олар кәсіптік практикадан өту туралы есепті оңайлатылған нысанда ұсынады, оған жұмыс орнынан анықтам, олардың кәсіби қызметін көрсететін мінездеме мен лауазымдық нұсқаулық кіреді.

3.29. Кәсіпорыннан (практика базасынан) білім алушының практика жетекшісі:

- практикадан өтушілерге практиканың бағдарламасына және жұмыс жоспар-кестесіне сәйкес білікті жетекшілікті жүзеге асыруға;

- білім алушыларға қауіпсіз жұмыс жағдайын(техника қауіпсіздігі және еңбек қорғау бойынша міндетті нұсқаулық өткізумен) қамтамасыз етуге және қажет болған жағдайда қауіпсіздік еңбек әдістеріне оқытуға;

- практикадан өтушілерге қажетті түсіндірулер беруге және олардың жұмыстарды сапалы және уақытылы орындауын талап етуге;

- практикадан өтушіге баға қоюға, оның үлес салмағы қорытынды бағаның 40%-н құрайды (*9-қосымша, 4-нысан*)

- практика аяқталғанда әрбір практикадан өтушінің жұмысы туралы жазбаша мінездеме беруге (*9-қосымша, 3-нысан*);

- жұмыс берушілер үшін сауалнама толтыруға (*11-қосымша*) міндетті.

3.29. Кәсіптік практикаға бітіруші курста теориялық курсты бітірген, пәндер бойынша берешегі және оқу үшін төлемі жоқ (ақылы негізде оқыған кезде) білім алушылар жіберіледі.

3.30. Университеттен студенттер практикасының жетекшілері ретінде білім беру бағдарламаларының бейініне және практика базалары қызметіне сәйкес келетін профессорлар, доценттер, тәжірибелі оқытушылар тағайындалады.

3.31. Магистранттардың/докторанттардың практика жетекшілері ретінде университеттен магистранттардың / докторанттардың ғылыми жетекшілері тағайындалады.

3.32.Кафедрадан білім алушының практика жетекшісі:

- практикадан өтуіне мерзімді бақылауды жүзеге асыруға;

- білім алушының практикадан өту күнделік-есептерін толтыруына тексеру жүргізуге;

- қажет болған жағдайда, практика базасының қызметкерлеріне практиканы ұйымдастыруда және өткізуде әдістемелік және басқа көмектер көрсетуге;


- практика бойынша есептерді тексеруге;

- комиссиямен бірлесе отырып, практикадан өту туралы білім алушылардың есептерін қорғауын қабылдауға;

- «Платонус» деркетер базасына практика бойынша баға қоюға міндетті.

3.33. Университет кафедрасының практика жетекшісі практикадан өту және практика базасында білім алушылардың қатысуын мониторингілеуді жүзеге асырады (*10-қосымша*). Практика аяқталғаннан кейін, университет кафедрасынан практикаға жауапты тұлға кафедра отырысында практикадан өту қорытындыларын талқылау кезінде оқытушылардың практика орындарына баруын бақылау бойынша ақпарат ұсынады.

3.34. Практикадан өту нәтижелері аралық аттестаттау өткізу арқылы бағаланады. Практика бойынша аралық аттестаттаудың қанағаттанарлықсыз нәтижелері немесе дәлелді себептер болмаған кезде практика бойынша аралық аттестаттаудан өтпеу академиялық берешек деп танылады. Кәсіптік практика

	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережелері	Нұсқа 8
	ҚарУ Қазпотребсоюза-ПРВ-112-2024	7 стр из 46

бойынша академиялық берешегі бар білім алушы қайта оқу курсына немесе жазғы семестрге қалдырылуы мүмкін.

3.35. Жазғы семестрге практика бағдарламасын орындамағандар ретінде қалдырылған білім алушылар келесі академиялық кезеңде практикаға қайта жіберіледі, бұл ретте практиканың ұзақтығы еңбек сыйымдылығының нормаларына сәйкес түзетіледі.

3.36. Бітіртуші кафедралар университет сайтында студенттерге/магистранттарға/докторанттарға арналған практика бағдарламаларын әзірлейді және орналастырады.

Бетгер: Жұмысқа орналастыру және практика - Практика - Практика бағдарламалары <https://www.keu.kz/ru/section-table/31-materialy/9160-programmy-praktiki.html>

3.37. Практиканың барлық түрлерінің бағдарламалары қажеттілікке қарай бітіретін кафедраның академиялық комитетінің отырыстарында талқыланады, бірақ 5 жылда кемінде бір рет. Кафедраның академиялық комитетінің төрағасы білім беру бағдарламалары бойынша практика бағдарламаларын бекітеді.

3.38. Практика бағдарламалары мерзімді жаңартылып отырады.

Практика бағдарламаларын жаңарту үшін мыналар негіз бола алады: 1) академиялық комитеттің және/немесе практика жетекшілері мен жұмыс берушілердің бастамасы мен ұсыныстары; 2) Бағдарлама сапасын бағалау нәтижелері; 3) практиканы ұйымдастыру және өту сапасы туралы білім алушыларға әлеуметтік сауалнама жүргізу нәтижелері; 4) білім беру бағдарламасын өзектендіру.

3.39. Практика бағдарламасы өзінің мазмұны бойынша білім беру бағдарламасының бейінін, практика түрінің ерекшелігін, кәсіптік стандарттар мен білім беру бағдарламасының талаптарын, ұйым қызметінің, технологиялық процестің және практика объектісінің сипатын көрсетеді.


3.40. Білім алушылардың практика бағдарламасы оқу-әдістемелік құжат болып табылады және тиісті курс практикасының әрбір түрі үшін жеке әзірленеді. Оқыту курсы мен еңбек сыйымдылығына байланысты практиканың көлемі мен мазмұнының күрделілік деңгейлерін көрсете отырып, студенттер үшін практиканың бір бағдарламасын әзірлеуге жол беріледі.

Практика бағдарламасында мыналар көрсетілуі тиіс:

- практиканың мақсаты мен міндеттері;
- практиканың мазмұны;
- практиканы ұйымдастыру;
- есеп жасау бойынша әдістемелік нұсқаулық (есеп мазмұнына қойылатын талап, бөлімдердің саны және олардың мазмұны, ресімдеу ережесі, шрифт және т.б.);
- практика қорытындысын шығару.

Практика бағдарламаларын академиялық комитет практика базаларымен келіскен кезде бекітеді, ол тиісті хаттамамен ресімделеді.

3.41. Білім алушы практиканың әрбір түрінің қорытындысы бойынша бір апта мерзімде бітіртуші кафедраға білім беру бағдарламасы бойынша есеп береді. Белгіленген мерзімде есепті тапсыру мүмкіндігі болмаған кезде, ҚБТ технологияларын қолданатын күндіз оқитын студенттер үшін, кейін қағаз нұсқасын

	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережелері	Нұсқа 8
	ҚарУ Казпотребсоюза-ПРВ-112-2024	8 стр из 46

ұсына отырып, электрондық түрде (PDFформатта) практикадан өту туралы есепті беруіне рұқсат етіледі.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің сайтында Практика және жұмысқа орналастыру практикасы – оқушылар үшін практика бетінде ережелер, практика бойынша есеп жасауға арналған жадынама және стандартты құжаттардың үлгілері орналастырылған <https://www.keu.kz/ru/section-table/31-materialy/8467-studentu.html>.

3.42. Есепті практика жетекшісі тексереді және кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғайды. Есепті қорғау нәтижелері бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

Практика бойынша қорытынды баға практика жетекшісінің кәсіпорыннан берген бағасы (40%) және педагогикалық, зерттеу және өндірістік практика үшін - есепті қорғау жөніндегі комиссияның берген бағасы (60%) сомасы ретінде айқындалады.

3.43. магистранттар/докторанттар үшін есепті қорғау жөніндегі комиссия құрамына мыналар енгізіледі:

- зерттеу практикасы бойынша – ғылыми жетекшілер/консультанттар, кафедра меңгерушісі, ҒЗИ директоры және т. б. қатарынан кемінде 3 адам.;
- педагогикалық практика бойынша – ғылыми жетекшілер/кеңесшілер, кафедра меңгерушісі, педагогика және психология бойынша әдіскер және т. б. қатарынан кемінде 3 адам.;
- өндірістік практика бойынша - ғылыми жетекшілер, кафедра меңгерушісі және т. б. қатарынан кемінде 3 адам.

3.44. Білім алушының практика бойынша бағасын кафедрадан практика жетекшісі академиялық күнтізбеге сәйкес, есепті қорғағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде «Платонус» дерек базасына қояды.

3.45. Практикадан өту есептері шығарылған бағалармен және Комиссия мүшелерінің қолдарымен істер номенклатурасына сәйкес мамандар шығарушы кафедраларда 1жыл сақталады.

Маман шығарушы кафедра практика бойынша есептерді сақтаудың сенімді режимін қамтамасыз етуі тиіс, ол белгіленген сақтау мерзімі ішінде олардың жоғалуын, жойылуын немесе мазмұнын бұрмалауды болдырмайды.

4. Оқу практикасы

4.1.Оқу практикасы 1-ші курстың барлық білім беру бағдарламаларының студенттері үшін (жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламаларын қоспағанда) өткізіледі.

4.2.Оқу практикасының мақсаты оқу процесінде алынған теориялық білімді бекіту мен тереңдетуді, зерттеу қызметінің алғашқы дағдыларын, іскерлік хат-хабарларды жүргізу дағдыларын алуды, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес практикалық дағдылар мен жұмыс дағдыларын меңгеруді қамтитын бастапқы кәсіби құзыреттерді меңгеру болып табылады.

4.3. Оқу практикасының негізгі міндеттері:

1) Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті қызметінің негізгі бағыттарымен танысу;



2) болашақ мамандықтың объектілері болып табылатын ұйымдардың ұйымдастырушылық-құқықтық формасымен, құрылымымен, басқару жүйесімен жалпы танысу;

3) болашақ кәсіби қызметтің түрлерін, функциялары мен міндеттерін зерделеу;

4) іскерлік хат-хабарды зерделеу және іс қағаздарын жүргізуді енгізу;

5) кәсіби қарым-қатынас этикасы туралы түсінік алу, еңбек ұжымында жұмыс істеу дағдыларын игеру.

4.4. Оқу практикасы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің базасында болашақ кәсіби қызметтің объектілері болып табылатын ұйымдарға таныстыру экскурсияларымен өткізіледі. Білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ұйымдарда оқу практикасын өткізуге жол беріледі.

4.5. Оқу практикасын басқаруды және ұйымдастыруды білім беру бағдарламасы бойынша бітіртуші кафедра жүзеге асырады.

4.6. Оқу практикасының бағдарламасы білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленеді.

4.7. Университет кафедрасынан практика жетекшісі:

- практика басталғанға дейін студенттерді практикаға қажетті даярлауды ұйымдастыруға, практика бағдарламасына сәйкес консультациялар өткізуге;

- практиканың мерзімдерін және оның мазмұнын сақтауды бақылауды жүзеге асыруға, студенттерге практика бағдарламасын орындау кезінде әдістемелік көмек көрсетуге;

- білім алушының оқу практикасынан өткені туралы есебін тексеруге міндетті.

4.8. Студент практикадан өту кезінде:

- практика бағдарламасын толық орындауы;

- университетте қолданылатын ішкі тәртіп ережелеріне бағынуы;

- еңбек қорғау, техника қауіпсіздігі және өндірістік санитария ережелерін зерделеуі және қатаң сақтауы тиіс;

- практика жетекшісіне практикадан өту туралы жазбаша есеп беруді ұсынады (есептің титулдық парағы *12-қосымшаға* сәйкес ресімделеді).

5. Педагогикалық практика

5.1. "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласының білім беру бағдарламаларының студенттері, ғылыми-педагогикалық бағыттың магистранттары мен PhD докторанттары педагогикалық практикадан өтеді, ол пәндер циклін немесе жалпы теориялық оқыту курсына оқу аяқталғаннан кейін ұйымдастырылады.

5.2. Педагогикалық практиканың мақсаты жалпы ғылыми, мәдениеттану, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімді бекіту және тереңдету, теориялық білім негізінде дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру, сондай-ақ білім алушылар тобымен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын жетілдіру болып табылады.

Магистранттар бакалавриатта, докторанттар бакалавриатта және магистратурада сабақ өткізуге тартылуы мүмкін.

5.3. Студенттердің педагогикалық практикасының негізгі міндеттері:

1) педагогикалық қызмет тәжірибесін алу;



2) оқыту және сабақ беру әдістемесін игеру;
3) педагогикалық шеберлік негіздерін білу;
4) оқу-тәрбие және оқыту жұмыстарын өз бетімен жүргізу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

5) ғылыми-психологиялық және педагогикалық зерттеу дағдыларын игеру;
6) тәрбие жұмысы әдістемесін игеру;
7) инновациялық оқыту технологияларын білу;
8) оқу және тәрбие жұмысы барысында оқушылардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оларға жеке көзқарасты жүзеге асыру.

5.4. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттардың және PhD докторанттардың педагогикалық практикасының негізгі міндеттері:

- оқытылатын ғылымның ерекшелігін ескере отырып, оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын қолдануға үйрету;
- білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін, олардың жеке ерекшеліктерін диагностикалау біліктерін бекіту;
- білім алушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық іскерліктерін қалыптастыру;
- университеттің болашақ оқытушысының кәсіби маңызды жеке қасиеттерін дамыту.

5.5. Білім алушылар үшін педагогикалық практика бағдарламасын «Психология, педагогика және әлеуметтік жұмыс» кафедрасы әзірлейді және бекітеді.

5.6. Студенттердің педагогикалық практикасының базалары: мектепке дейінгі, жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта); техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары болып табылады.

5.7. Студенттердің практика базалары ретінде олардың базасында дуальды оқыту элементтері бар студенттерді практикалық даярлау ұйымдастырылатын ұйымдар бола алады.

5.8. Магистранттардың педагогикалық практикадан өту орны (базалары) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың білім беру бағдарламасына сәйкес университеттің бітіртуші кафедралары болып табылады.

5.9. Педагогикалық практиканың ұзақтығы білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес айқындалады және оқу процесінен қол үзбей теориялық оқыту кезеңінде жүргізілуі мүмкін.

5.10. Магистранттардың/докторанттардың педагогикалық практикасы бітіртуші кафедраның бекітілген басшысының және педагогика және психология бойынша әдіскердің (екінші жетекші) бақылауымен жүргізіледі.

5.11. Педагогика және психология бойынша әдіскердің (екінші жетекшінің) міндеттері:

- практика жетекшісімен бірлесіп, практикадан өтушімен ұйымдастыру, әдістемелік, тәрбие, дидактикалық жұмыстарды жүзеге асыру;

- кәсіби-педагогикалық қызметке бейімделу мәселелері, аудиториялық және аудиториядан тыс жұмысқа дайындық; педагогикалық процестерге қатысушылармен өзара қарым-қатынас құру; студенттік ұжымды/магистранттар



ұжымын зерделеу бағдарламаларын әзірлеу, білім алушылардың жеке психологиялық ерекшеліктері бойынша практикадан өтушілерге консультация беру;

• магистранттардың/докторанттардың тәрбие жұмысын талдау, бақылау және бағалау;

• оқу сабақтарына қатысу, талдау және бағалау және практика жетекшісімен бірлесіп аудиториядан тыс іс-шара өткізу;

• практика қорытындыларын шығаруға және практикадан өтушінің қызметін бағалауға қатысу.

5.12. Студент практикадан өту кезінде:

▪ практикадан өту үшін белгіленген мерзімде практика базасының иелігіне келуі;

▪ педагогикалық практика бағдарламасын және педагогикалық практиканың жұмыс жоспар-кестесін толық орындауы (8-қосымша);

▪ практикадан өту туралы күнделік-есеп жүргізуі тиіс (9-қосымша), оған мыналар кіреді:

– практика базасы және практика жетекшілері туралы жалпы мәлімет (2-нысан);

– кәсіпорыннан практика жетекшісінің студентке мінездемесі, (3-нысан);

– кәсіпорынның практика жетекшісінің бағасы (4-нысан);

▪ практика базасындағы қызметкерлер үшін міндетті болып табылатын педагогикалық практика орнында еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техникасы ережелерін және өндірістік тәртіптемені сақтауы;

▪ практика жетекшісіне университеттен педагогикалық практикадан өткені туралы құжаттар пакетін: педагогикалық практикаға жолдамаға "келгені және кеткені туралы белгіні"; практика базасының басшысы қол қойған барлық тапсырмаларды орындау туралы күнделік-есепті; жұмыс берушілерге арналған толтырылған сауалнаманы (11-қосымша); практика бағдарламасының орындалуын көрсететін практика бойынша жазбаша есепті ұсынуы тиіс.

5.13. Магистрант/докторант практикадан өту кезінде:

▪ педагогикалық практикадан өтудің жеке жоспарын әзірлеуі, оның бекітілуін алуы;


▪ педагогикалық практикадан өтудің технологиялық картасында көзделген барлық жұмыс түрлерін жеке жоспарда көрсетілген мерзімде орындауы;

▪ практикадан өту базасында қолданыстағы ішкі тәртіп ережелеріне бағынуы;

▪ практикадан өту туралы күнделік-есеп жүргізуі тиіс (9-қосымша).

5.14. Практика қорытындылары бойынша білім алушылар кафедраға есеп береді, ол студенттердің кәсіптік практикадан өткені туралы есептерді тіркеудің электрондық журналында тіркеледі (13-қосымша). Есептің мазмұны мен дизайнына қойылатын талаптар педагогикалық практика бағдарламасында көрсетілген. Педагогикалық практика бойынша есептің титулдық парағын ресімдеу үлгісі 12-қосымшада келтірілген.

5.15. Магистранттар мен докторанттардың педагогикалық практикасын кафедрадан практика жетекшісі педагогика және психология жөніндегі әдіскермен бірлесе отырып, білім алушы ұсынған есеп негізінде бағалайды, оның мазмұны мен құрылымы педагогикалық практика бағдарламасында ашылып көрсетіледі.

	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережелері	Нұсқа 8
	ҚарУ Қазпотребсоюза-ПРВ-112-2024	12 стр из 46

5.16. Бітіруші курстардың білім алушыларының практикасы аяқталғаннан кейін кафедраның практикасын ұйымдастыруға жауапты тұлға МКДО-қа:

- жұмыс берушілер үшін толтырылған сауалнаманы (*11-қосымша*) тапсыруы тиіс.

6. Өндірістік практика

6.1. Өндірістік практика бакалавриаттың барлық білім беру бағдарламаларының студенттері үшін өткізіледі және бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.

6.2. Өндірістік практика оқу процесінде алынған теориялық білімді бекіту, бакалавриат білім алушыларының практикалық дағдыларын, құзыреттерін және магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша кәсіптік қызмет тәжірибесін алу, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында жүргізіледі.

6.3. Өндірістік практиканың негізгі міндеттері:

1) білім беру бағдарламасының бейіні бойынша кәсіби қызмет түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін зерделеу;

2) теориялық білімді бекіту және осы негізде кәсіби дағдыларды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру;

3) инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерін меңгеру;

4) ұйымдастырушылық және кәсіби тәжірибе алу;

5) командалық жұмыс дағдыларын, корпоративтік басқару қағидаттарының құзыреттерін игеру;

б) өз қызметін өз бетінше жоспарлау, әріптестермен пайдалы байланыстар орнату, рөлдік кәсіби позицияны анықтау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру дағдыларын игеру.

в) магистрлік жобаның эксперименттік бөлігін жазу үшін практикалық материалдарды жинау.

6.4. Білім алушылардың өндірістік практикасын өткізуге арналған базалар мен қызметі мамандарды даярлау бейініне және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін, өндірістік практикаға басшылықты жүзеге асыру үшін білікті кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар айқындалады.


6.5. Өндірістік практиканың ұзақтығы білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес айқындалады.

6.6. Оқытудың бейіндік бағыты магистранттарының өндірістік практикасы 2-ші семестреде өткізіледі.

6.7. Білім алушыларды өндірістік практикаға жіберу, кафедра ұсынысы негізінде жасалатын, ректордың бұйрығымен ресімделеді (*5-қосымша*).

6.8. Дипломдық жұмыстың (жобаның) орнына екі кешенді емтихан тапсыратын бакалавриат студенттерінде өндірістік практика мерзімі дипломалды практика мерзімі аяқталғанға дейін ұзартылады. Сондықтан, практикаға ұсыныста дипломдық жұмысты (жобаны) орындайтын және дипломдық жұмысты (жобаны) орындамайтын студенттер үшін практикадан өту мерзімдері көрсетілуі тиіс (*14-қосымша*).

6.9. Өндірістік практика бағдарламасын мамандар шығарушы кафедра білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірлейді және білім алушыларда кәсіптік

	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережелері	Нұсқа 8
	ҚарУ Қазпотребсоюза-ПРВ-112-2024	13 стр из 46

маңызы бар дағдыларды дамытуға және кәсіптік стандарттардың талаптарына сәйкес арнайы құзыреттерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

6.10. Магистранттың өндірістік практикасының мазмұны жобалық зерттеу тақырыбымен анықталады.

6.11. Білім алушы өндірістік практикадан өту кезінде:

- практикадан өту үшін белгіленген мерзімде практика базасының иелігіне келуі;
- өндірістік практика бағдарламасын және өндірістік практиканың жұмыс жоспар-кестесін толық орындауы (*8-қосымша*);

- практикадан өту туралы күнделік-есеп жүргізуі тиіс (*9-қосымша*), оған мыналар кіреді:

- практика базасы және практика жетекшілері туралы жалпы мәлімет (2-нысан);

- кәсіпорынан практика жетекшісінің студентке мінездемесі, (3-нысан);

- практика базасындағы қызметкерлер үшін міндетті болып табылатын педагогикалық практика орнында еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техникасы ережелерін және өндірістік тәртіптемені сақтауы;

- Университеттен практика жетекшісіне өндірістік практикадан өткені туралы құжаттар топтамасын:

- өндірістік практикаға жолдамаға "келгені және кеткені туралы белгіні";

- практика базасының басшысы қол қойған барлық тапсырмаларды орындау туралы күнделік-есепті;

- жұмыс берушілерге арналған толтырылған сауалнаманы (*11-қосымша*);

- практика бағдарламасының орындалуын көрсететін практика бойынша жазбаша есепті ұсынуы тиіс.

6.12Білім алушы практика қорытындылары бойынша кафедраға есеп ұсынады, ол білім алушының практикадан өтуі туралы есептерді тіркеудің электрондық журналында тіркеледі (*13-қосымша*) және Қазтұтынуодағы ҚарУ-ден практика жетекшісі тексереді.

6.13.Бітіруші курстың білім алушылары практиканы аяқтағаннан кейін, кафедрадан практиканы ұйымдастыруға жауапты адам МКДО-қа:

- жұмыс берушілер үшін толтырылған сауалнаманы (*11-қосымша*) тапсыруы тиіс.

7. Зерттеу практикасы


7.1. Зерттеу практикасы ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның және PhD докторантураның білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.

7.2 Магистранттың/докторанттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерімен, диссертациялық зерттеудегі эксперименттік деректерді өңдеу және интерпретациялау мақсатында жүргізіледі.

7.3 Зерттеу практикасының негізгі міндеттері:

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша пәндерді оқу процесінде білім алушылардың алған білімдерін, машықтары мен дағдыларын бекіту;

- кәсіби салада өзіндік ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын меңгеру;

	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережелері	Нұсқа 8
	ҚарУ Қазпотребсоюза-ПРВ-112-2024	14 стр из 46

- білім алушылардың ғылыми зерттеудің заманауи әдіснамасын зерделеуі;
- ғылыми ақпаратты жинау, талдау және өңдеудің заманауи әдістерін зерттеу, зерттеудің онтайлы әдістерін таңдау;

- зерттеу жүргізу және эмпирикалық материалдарды жинау үшін құралдарды құрастыруға оқыту;

- қазіргі заманғы ғылым әдіснамасына сәйкес білім алушыларға ғылыми зерттеу жүргізуді ұйымдастыру, ғылыми зерттеу жүргізудегі кезенділік пен логиканы сақтау;

- білім алушылардың ғылыми зерттеу жүргізуге шығармашылық көзқарасын жандандыру және ынталандыру;

- семинарлар мен ғылыми конференцияларда есептер, жарияланымдар, баяндамалар түрінде алынған нәтижелерді баяндаудың жазбаша және ауызша коммуникацияларын меңгеру;

- көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

7.4 Магистранттардың зерттеу практикасы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің ғылыми-зерттеу институтында ұйымдастырылуы тиіс.

Зерттеу практикасын, білім алушының білім беру бағдарламаларының бейініне сәйкес келетін басқа ұйымдарда өткізуге рұқсат етіледі.

7.5 Докторанттардың зерттеу практикасы жасалған шарттарға сәйкес практика базаларында өткізіледі (*3-қосымша*).

7.6 Қызметі білім беру бағдарламаларының бейіні мен талаптарына сәйкес келетін зерттеу практикасына басшылықты жүзеге асыру үшін білікті кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар, докторанттардың зерттеу практикаларын өткізу үшін базалар болып анықталады.

7.7 Зерттеу практикасының мазмұны диссертациялық зерттеу тақырыбымен анықталады.

7.8 Білім алушылардың зерттеу практикасына басшылықты білім алушының диссертациясының ғылыми жетекшісі және практика орнынан жетекші жүзеге асырады.

7.9 Магистрант/докторант зерттеу практикасынан өту кезінде:

- практикадан өтуге белгіленген мерзімде практика базасының қарамағына келуі;
- зерттеу практикасы бағдарламасын және зерттеу практикасының жұмыс жо-спар-кестесін толық орындауы (*8-қосымша*);

- практикадан өту туралы күнделік-есеп жүргізуі тиіс, (*9-қосымша*);


- тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техникасы ережелерін және өндірістік машықтану орнында өндірістік тәртіптемені сақтауы;

- университеттің практика жетекшісіне зерттеу практикасын өткізу туралы мынадай құжаттар пакетін ұсыну тиіс:

- практика базасының жетекшісі қол қойған, есеп-күнделік;

- кәсіпорын практикасы жетекшісінен білім алушыға мінездеме (3-нысан);

- практика бағдарламасының орындалуын көрсететін практика туралы жазбаша есеп. Практика бойынша есептің титулдық парағын ресімдеу үлгісі *12-қосымшада* берілген. Есептің мазмұны мен дизайнына қойылатын талаптар зерттеу практикасы бағдарламасында жазылған.

	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережелері	Нұсқа 8
	ҚарУ Қазпотребсоюза-ІРВ-112-2024	15 стр из 46

7.10 Практика қорытындылары бойынша білім алушылар кафедраға зерттеу практикасынан өткені туралы есепті ұсынады, ол білім алушылардың практикадан өткені туралы есептерді тіркеудің электрондық журналында (*13-қосымша*) тіркеледі және оны практика жетекшісі тексереді.

8. Диплом алдындағы практика

8.1. Диплом алдындағы практика барлық білім беру бағдарламаларының студенттері үшін бітіру курсына өткізіледі, олар жеке оқу жоспарына сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау және жазу үшін дипломдық жұмысты (жобаны) орындайды.

8.2. Дипломдық жұмысты жазудан босатылған студенттер диплом алдындағы практикадан босатылады.

8.3. Диплом алдындағы практикадан өтуге арналған ұсынымда диплом алдындағы практикадан өтетін студенттердің ғана тізімі көрсетіледі.

8.4. Диплом алдындағы практиканың мақсаты дипломдық жұмысты (жобаны) жазуды аяқтау болып табылады.

8.5. Диплом алдындағы практиканың негізгі міндеттері

1) дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинау, өңдеу және қорыту;

2) дипломдық зерттеу тақырыбы бойынша статистикалық деректер мен практикалық материалдарды талдау;

3) дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша тұжырымдарды, заңдылықтарды, ұсынымдар мен ұсыныстарды тұжырымдау;

4) дипломдық жұмысты (жобаны) белгіленген талаптарға сәйкес ресімдеу.

8.6. Диплом алдындағы практиканың ұзақтығы білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) жазуға бөлінген кредиттер санымен айқындалады.

8.7. Диплом алдындағы практиканың мазмұны дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбымен айқындалады.

8.8. Кафедрааралық дипломдық жұмыстарды орындайтын студенттер үшін практика базасын жасалған шартқа сәйкес келісу бойынша мамандар шығаратын кафедралар анықтайды.


8.9. Кафедрааралық дипломдық жобалардың тақырыптарына, мақсаттарына және міндеттеріне байланысты, студенттердің диплом алдындағы практикасының базасы ретінде бір немесе бірнеше кәсіпорындар (мекемелер) таңдалуы мүмкін..

8.10. Руководство преддипломной практикой осуществляет научный руководитель дипломной работы (проекта).

8.11. Кафедрааралық дипломдық жобалардың диплом алдындағы практикасына жетекшілікті тиісті мамандар шығарушы кафедралардан жобаның ғылыми жетекшісі жүзеге асырады..

8.12. Диплом алдындағы практика бойынша есеп мамандар шығаратын кафедраның әдістемелік нұсқауларына сәйкес ресімделеді.

8.13. Кафедрааралық диплом жұмыстарын (жобаларын) орындайтын студенттер үшін есепке «Диплом жұмысы бойынша тапсырмалар» міндетті түрде енгізіледі.

	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережелері	Нұсқа 8
	ҚарУ Қазпотребсоюза-ПРВ-112-2024	16 стр из 46

Кафедрааралық дипломдық жобалар практикасы бойынша дайын есептерді әрбір студент өзінің бітіретін кафедрасына тапсырады..

8.14. Диплом алдындағы практиканың қорытындылары маман шығарушы кафедра ұйымдастыратын диплом жұмысын (жобасын) алдын ала қорғауда шығарылады.

9. Ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау қағидалары

9.1. Осы Қағидаларда белгіленген критерийлерге сәйкес келетін кез келген ұйым практика базасы бола алады. Бұл бөлімнің мақсаты ұйымдарды практика базасы ретінде іріктеу талаптары мен тәртібін белгілеу болып табылады.

9.2. Ұйымдарға практика базаларына қойылатын талаптар:

- ұйымның тиісті құқықтық мәртебесі болуы керек (заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер).
- ұйым студенттерді даярлау бағытына (білім беру бағдарламасына) сәйкес келетін қызметті жүзеге асыруы керек.
- ұйым білім беру бағдарламасына сәйкес практикадан өту үшін жағдай жасауға дайын болуы керек.

9.3. Тәжірибенің болжамды базасының ЖОО талаптарына сәйкестігін растау үшін әрбір ұйым бойынша шарт жасасар алдында бағалау парағы толтырылады (15-қосымша).

9.4. Кафедра толтырылған бағалау парағы негізінде ұйымның белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалауды жүргізеді.

9.5. Іріктеуден өткен ұйымдармен практика жүргізуге шарттар жасалады, олар университеттің практика базаларының тізіліміне енгізіледі.

9.6. Тәжірибе базаларының тізімін қайта қарау және жаңарту жыл сайын жүзеге асырылады. Практика базаларының тізілімін жаңарту есептер мен мониторинг нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Белгіленген талаптарға сәйкес келмеген немесе шарт талаптары бұзылған жағдайда ұйымдарды практика базаларының тізілімінен шығару көзделеді.

10. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережелеріне өзгерістер мен қосымшалар енгізу тәртібі

10.1. Қажеттілігіне қарай осы құжатқа "Құжаттарды басқару" регламентіне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

11. Шығару және тарату

10.1 Ережелерді шығаруды және олардың көшірмелерін таратуды Мансап және кәсіби даму орталығы қамтамасыз етеді.

10.2 Ережелердің көшірмелері мамандар шығаратын кафедраларға, ЖООКБ АДД-ға және Универсиеттің ҒЗжМДО және ЭҚЗ ҒЗИ-на жіберілуі тиіс.

12. Сақтау

12.1 Ережелердің түпнұсқасы МжКДО, ал көшірмесі СҚ жаО-да сақталады.



Әзірлеушілер:

Мансап және кәсіби даму орталығы директоры

 Ж.Е.Сагитова

Келісілді:


Академиялық мәселелер және
стратегиялық даму жөніндегі проректор,
э.ғ.д., профессор

 Г.Е. Накипова

Сапаны қамтамасыз ету және
Акредиттек орталығының директоры,
э.ғ.к., доцент

 Д. Г. Кудикенова

ЖжЖОК АДД директоры

э.ғ.к., профессор
 М.Т.Даниярова

БЖД директоры,

Магистр, доцент

 Г.Н.Джабаева

Стратегиялық даму
департаментінің директоры,
магистр, доцент

 С.Б. Глазунова



13. Приложения

13-қосымшалар

Приложение 1 – Договор на проведение профессиональной практики студентов

1-қосымша – Студенттердің кәсіптік практикадан өтуіне жасалған Шарт

№ П-112-01

№ П-112-01

ДОГОВОР
на проведение профессиональной практики
(учебная, педагогическая, производственная, преддипломная)

**Кәсіптік (оқу, педагогикалық, өндірістік, диплом алдыдағы)
тәжірибелен етуге арналған
ШАРТ**

г. Қарағанды «__» _____ 20__ г.

Қарағанды қ. «__» _____ 20__ ж.

ЧУ «Қарағандық университет ҚАЗПОТРЕБСОЮЗА»,
именуемый в дальнейшем ВУЗ, в лице ректора д.э.н. профессора
Е.Б.Аймағамбетова, действующего на основании Устава, с одной
стороны и _____,

«ҚАЗҒҰҒЫННУДАҒЫ Қарағанды университеті» ЖМ, одан әрі ЖОО
деп аталады, бірінші тараптан, Жарғы негізінде өрекет ететін, ректор,
з.ғ.д., профессор Е.Б.Аймағамбетов атынан және екінші тараптан

(наименование предприятия, организации и т.д.)
именуемый в дальнейшем Предприятие, в лице _____,

(наименование фирмы и/или т.б. атанды)
негізінде өрекет ететін, одан әрі Кәсіпорын деп аталады,

(Ф.И.О.) _____

(Т.А.Ә.) _____

действующего на основании _____
с другой стороны, в соответствии с действующим законодательством
Республики Казахстан, заключили настоящий договор о
нижеизложенном:

атынан, Қазақстан Республикасының қолпаннағы заңнамасына
сәйкес, төмендегі туралы осы шартты жасайды:

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1 ВУЗ направляет для прохождения практики
Обучающегося, по направлению подготовки _____

1.1 ЖОО білім берудің даярлық бағыты _____

по образовательной программе _____

бағдарламасы бойынша білім алушыны тәжірибені өту үшін
жібереді _____

(наименование образовательной программы)

(білім беру бағдарламасының атауды)

1.2 Предприятие обеспечивает Обучающегося базой
профессиональной практики в соответствии с профилем
образовательной программы.

1.2 Кәсіпорын білім алушыларын білім беру бағдарламасының
бейініне сәйкес кәсіптік практика базасымен қамтамасыз етеді.

1.3 Обучающийся осваивает образовательную программу с целью
получения ключевых и профессиональных компетенций,
позволяющих квалифицированно выполнять производственные
функции и задачи.

1.3 Білім алушы өндірістік функциялар мен міндеттерді білікті
